

**«ЕУРОПАЛЫҚ ЭКОНОМИКА,БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ЖОҒАРҒЫ
КОЛЛЕДЖІ»**

**«№56 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КММ
АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

Ақтөбе қаласы

« 10 » 09 2025 жыл

I.Жалпы мазмұны

«Еуропалық экономика,бизнес және құқық жоғарғы колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны бұдан әрі «білім беру ұйымы» деп аталатын колледж атынан,директоры Т.М.Туремуратов бірінші тараптан, және екінші тараптан «№56 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Наримбетова Гульнара Муханғалиевна,бұдан әрі «Тараптар» деп атанып, ынтымақтастық мақсатындағы туралы Меморандум (әрі қарай Меморандум)жасасты.Меморандумның мақсаты:оқушыларға болашақ мамандығын таңдау барысында кәсіби қолдау көрсету. білім алушылардың арасында еңбек етуге саналы қатынас қалыптастыру, өз мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес кәсіпке еркін таңдау жасау.

II.Ынтымақтастық бағыттары

2.1. Тараптар келесі бағыттарда өзара ынтымақтастықты жүзеге асырады:

- Оқушылар үшін кәсіптік бағдар беру бағдарламаларын ұйымдастыру (дәріс, тренинг, экскурсия, мастер-класс);

-бірлескен жобалар мен бағдарламаларды енгізуге және қоғамдық маңызды іс-шараларды (Халықаралық бірлескен конкурстар мен олимпиадалар,конференциялар,семинарлар,заманауи IT-бағыттар бойынша зертханалық және жобалық жұмыстарды ұйымдастыру , каникул кезінде IT-лагерь ұйымдастыру, колледж оқытушыларының шеберлік сабақтары мен дәрістерін өткізу ,форумдар, заманауи IT-технологиялар бойынша әдістемелік семинарлар мен вебинарлар, көрмелер,бірлескен үйірмелер мен клубтар: робототехника, 3D-модельдеу, ойын бағдарламалау, кездесулер) өткізуге ықпал ету;

1) Тараптар арасында тұрақты түрде ақпарат алмасу, Қазақстанның білім беру, ғылым және мәдениет мекемелерінің, жастар ұйымдарының өкілдерімен байланыстарды кеңейту.

2) Еңбек нарығында өз орнын табатын мамандарды сапалы даярлау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.2025 жыл «жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланды.Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жоспарының 7 бағытының бірі -кәсіби бағдар беру ісін дамытуға арналған 1000 бейімді сынып ашу бастамасы аясында жүзеге асыру.

III.Тараптардың өзара ықпалдастығы

3.1. Осы Меморандумның аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және өзара ықпалдастықты тең құқықтылық, ашықтық және сенімділік принциптері негізінде жүзеге асырады.

3.2. Тараптар осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен туындаған мәселелерді қарастыру және бірлескен іс-қимылдарды жүргізу үшін Тараптар жіберген басшылар немесе өкілетті өкілдер арқылы өзара әрекет жасайды.

3.3. Осы Меморандумның аясында өзара ықпалдастықтың келесі формалары қарастырылады, бірақ төменде келтірілген тізіммен шектелмейді:

- өскелең ұрпақтың мемлекеттік және тарихи сана-сезімін қалыптастыру үдерісін ғылыми-талдамалық және сараптамалық қамтамасыз ету;
- жалпы және қосымша білім берудің құрылымы мен мазмұнын жетілдіруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- мақсатты әлеуметтік маңызы бар жобалар мен іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру;
- Тараптардың қызметін жақсартуға бағытталған бірлескен инновациялық жобаларды дайындау және өткізу;
- тараптардың кез келгені ұйымдастырған конференцияларға, семинарларға, форумдарға және басқа да іс-шараларға Тараптардың өкілдерінің қатысуымен қызметтің сәйкес салалары бойынша Тараптардың жинақтаған тәжірибелерімен және білімдерімен алмасуы;
- тұрақты түрде бірлескен, соның ішінде жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Тараптардың бейнеконференция форматында ұйымдастырған кездесулер өткізу;
- білім, ғылым және мәдениет саласындағы өзара қызығушылық тудыратын ақпараттармен алмасу;
- қажет болған жағдайды бейімдік бағытты түзету;
- өзінің қызығушылықтары мен бейімділігін, күші және әлсіз жақтарын тану;
- мамандықтар әлемінен және еңбек нарығының талаптарымен танысу;
- мамандық пен білім бері бағытын саналы түрде тандау.

IV.Меморандумның қолданыс мерзімі

4.1. Осы Меморандум Тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 2025-2026 оқу жылынан 25.05.2026 дейін қолданыста болады.

4.2. Меморандум кез келген уақытта Тараптардың өзара келісімі немесе біреуінің ниеті бойынша болжамдағы шарт бұзылатын күнге 15 күнтізбелік күн қалғанға дейін өзге Қатысушыны алдын ала құлақтандырып барып бұзылуы мүмкін.

4.3. Ынтымақтастықтың нақты формалары, реттері, мерзімдері мен ортақ мақсатқа жетудегі басқа да шарттары Тараптардың қосымша келісімшарттарында (келісімдерінде) анықталады.

4.4. Осы Меморандумды бұзу Тараптар арасында бұрын уағдаласқан міндеттемелер бойынша жасалған келісімшарттарды (келісімдерді) бұзуға алып келмейді.

V.Қорытынды ережелер

5.1 Бұл Меморандум 2025–2026 оқу жылы кезеңінде күшінде болады.

5.2. Қажет болған жағдайда тараптардың келісімімен толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5.3. Меморандум 2 (екі) данадан қазақ тілінде, әр Тарап үшін 1 (бір) данадан құрастырылған.

1. Тараптардың заңды мекенжайлары	
Ақтөбе қаласы «Еуропалық экономика, бизнес және құқық жоғарғы колледжі» ул.Маресьва 105 БИН 100740008279 Тел: +7(700)3543772 E-mail: info@ekeb.edu.kz Директор  Т.М.Туремуратов М.О. 	Ақтөбе қаласы №56 жалпы орта білім беретін мектебі 12 Мөлтек ауданы, 37В БИН 141240015500 Тел: 458246 E-mail: Shkola_56@bk.ru Директор  П.М.Наримбетов М.О. 